

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР INTERNATIONAL RELATIONS МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ

ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ - ОРТАЛЫҚ АЗИЯ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА ТРЕНДТЕРІ

**Асима
ӘУБӘКІР***

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Дипломатия Институтының докторанты, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы, kazcan10@gmail.com

**Төлеутай
СҮЛЕЙМЕНОВ**

с.ғ.д., Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Дипломатия институтының профессоры, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы, Tuleutai.Suleimenov@apa.kz

<https://doi.org/10.52123/1994-2370-2020-75-4-80-88>

ӘОЖ 327

ҒТАХТК 11.25.15

Аңдатпа. Еуропалық Одақтың да, аймақ елдерінің де мүдделерін қанағаттандыратын Орталық Азия аймағына қатысты Еуропалық саясаттың нақты контурын анықтау ұзақ уақытты қажет етіп, әлі де өзара тиімді ынтымақтастықты жүзеге асырудың бірыңғай тәсілдерін қалыптастыру сатысында. Еуропалық Одақтың Орталық Азияға қатысты стратегиялар деп аталатын алғашқы бағдарламалық құжаттары, негізінен, аймақтағы өзінің саяси және экономикалық қатысуын қолдауға бағытталған іс-қимыл жоспарлары ғана болды. Сонымен қатар, Орталық Азия елдері халықаралық аренада толыққанды субъектілер және тиісінше тең құқықты әріптестер ретінде Еуропалық Одақпен прагматикалық өзара іс-қимылға мүдделі болған. 2019 жылы Еуропалық Одақ 2007 жылғы алдыңғы құжаттың орнына келген Орталық Азия бойынша жаңа стратегияны қабылдады. Еуропалық саясаткерлердің пікірінше, ол екі аймақ арасындағы қарым-қатынастың жаңа кезеңін, олардың арасындағы өзара әрекеттесудің жетілдірілген тәсілдерін белгілейді. Мақаланың мақсаты - Орталық Азия мен Еуропалық Одақ арасындағы қарым-қатынастардың жаңа трендтерін осы процестің екі қатысушысы тұрғысынан және Еуропалық Одақтың тиісті бағдарламалық құжаттарының эволюциясы тұрғысынан талдау болып табылады.

Түйін сөздер: Еуропалық Одақ, Орталық Азия, стратегия, ынтымақтастық, өзара байланыстық, эволюция.

JEL кодтар: F42, F50, F68

Abstract. Determination of clear contours of European policy for Central Asia, which could satisfy the interests of both the European Union and the countries of the region, took quite a long time, and is still at the stage of forming common approaches to the implementation of mutually beneficial cooperation. The first program documents of the European Union in relation to Central Asia, called strategies, were to a greater extent only action plans aimed at maintaining its political and economic presence in the region. Meanwhile, the Central Asian countries are always interested in pragmatic interaction with the European Union on equal basis. In 2019, the European Union adopted a new Strategy for Central Asia, which replaced the previous 2007 document. According to European politicians, it marks a new stage in relations between the two regions with improved approaches to building interaction between them. The purpose of the article is to analyze new trends in relations between Central Asia and the European Union from the point of view of both participants of this process and the evolution of the relevant EU policy documents.

Keywords: European Union, Central Asia, strategy, cooperation, connectivity, evolution.

JEL codes: F42, F50, F68

Аннотация. Определение четких контуров европейской политики в отношении Центрально-азиатского региона, удовлетворяющих интересы как Евросоюза, так и стран региона, заняло достаточно длительное время, и все еще находится в стадии формирования единых подходов к осуществлению взаимовыгодного сотрудничества. Первые программные документы Европейского Союза по отношению к Центральной Азии, называемые стратегиями, в большей степени являлись лишь планами действий, направленными на поддержание своего политического и экономического присутствия в регионе. Тем временем, страны Центральной Азии всегда были заинтересованы в прагматичном взаимодействии с Евросоюзом на равноправной основе. В 2019 году Европейский Союз принял новую Стратегию по Центральной Азии, которая

*Хат-хабарларға арналған автор: А. Әубәкір, kazcan10@gmail.com

заменила предыдущий документ 2007 года. По мнению европейских политиков, она знаменует новый этап отношений между двумя регионами с усовершенствованными подходами к выстраиванию взаимодействия между ними. Целью статьи является анализ новых трендов в отношениях между Центральной Азией и Европейским Союзом с точки зрения обоих участников этого процесса и эволюции соответствующих программных документов ЕС.

Ключевые слова: Европейский Союз, Центральная Азия, стратегия, сотрудничество, взаимосвязанность, эволюция.

JEL коды: F42, F50, F68

Кіріспе. Еуразия континентінің жүрегінде орналасқан Орталық Азия мыңдаған жылдар бойы Шығыс пен Батысты байланыстырып келген. Аты аңызға айналған Жібек жолы Орталық Азия арқылы өткені белгілі. Шын мәнінде, бұл тек тауар алмасуды ғана емес, сонымен қатар Азия мен Еуропа мемлекеттері мен қалаларында тұратын халықтар арасындағы мәдени құндылықтарды өзара байытуды қамтамасыз ететін артерия болып табылған.

1990 жылдардың басындағы Кеңес Одағының (КСРО) ыдырауы халықаралық аренада бес жаңа тәуелсіз мемлекеттің пайда болуына ықпал етті. Осыған орай, Орталық Азия мемлекеттеріне белгілі бір қызығушылықты тек жаһандық қана емес, сонымен бірге осы аумақта өз позициясын нығайтуға тырысқан аймақтық ойыншылар да көрсете бастады.

Бұл ойыншылардың қызығушылығы тек Орталық Азия елдерінде минералды ресурстардың болуымен ғана түсіндірілген жоқ. Аталған ойыншылар, сонымен бірге, осы аймақтың мемлекеттері КСРО-дан нақты шыққаннан кейін пайда болған идеологиялық вакуумды толтыруға да тырысты.

Бүгінгі таңда Орталық Азия аймағы тек Ресей мен Қытаймен ғана емес, ислам әлеміне жататын елдермен де шектеседі.

Көптеген сарапшылардың пікірінше, Орталық Азиядағы негізгі геосаяси ойыншылар-Ресей Федерациясы, АҚШ, Қытай және Еуропалық Одақ.

Ресей Орталық Азия мемлекеттерін өзінің ықпал ету саласында сақтауға тырысады. Америка Құрама Штаттарына келетін болсақ, Вашингтон Орталық Азия елдерін көпвекторлы сыртқы және экономикалық саясат жүргізуінде ресми түрде қолдайды. 2020 жылғы ақпанда АҚШ 2019-2025 жылдарға арналған Орталық Азия бойынша стратегиясын

қабылдады, ол АҚШ-тың өңір мемлекеттерімен жақындасу жолындағы ілгерілеумен ұштасып, Ауғанстанға, сондай-ақ Қытай мен Ресейдің Орталық Азиядағы ықпалының өсуінің алдын алуына бағытталған.

Қытай да аймақтағы саясатын жүргізіп, өзінің "Белдеу және жол" атты жаңа бастамасы арқылы экономикалық жолда елеулі белсенділік танытуда.

Еуропалық Одақ туралы айта кетсек, соңғы жылдары Орталық Азия елдерімен ынтымақтастыққа белсенді қатысуға тырысып жатқанын атап өткен жөн, дегенмен бастапқыда Еуропалық Одақ өзін Орталық Азия аймағында айтарлықтай геосаяси мүдделері жоқ, бейтарап актор ретінде көрсетті.

Осыған байланысты зерттеу үшін Еуропа мәлімдеген бірыңғай жаңа тәсілдерді ескере отырып, Орталық Азия елдері мен Еуропалық Одақ арасындағы қатынастарды құрудың нақты перспективаларын талдау қызығушылық тудырады.

Зерттеудің әдістемесі. Жұмыстың әдістемелік негізі - ең алдымен, оның қалыптасуы мен дамуына әсер ететін факторлардың жиынтығын ескере отырып, зерттеу тақырыбын динамикада қарастыруға мүмкіндік беретін – тарихи принцип болып табылады. Сондай-ақ, жұмыста контент-талдау әдісі белсенді қолданылды, соның арқасында Еуропалық Одақтың Орталық Азияға қатысты стратегиялық құжаттарының мазмұны зерделенді. Жүйелі талдау әдісі зерттеу тақырыбына тұтас процесте туындайтын сұрақтар жиынтығы ретінде жақындауға мүмкіндік берді, автор зерттелетін құбылыстардың ерекшеліктерін, сондай-ақ олардың өзара байланысы мен өзара тәуелділігін көрсетуге тырысты.

Еуропалық Одақ және Орталық Азия елдерінің өзара қызығушылықтары. Еуропалық Одақ үшін бұл аймақтағы негізгі мүдде - энергетикалық ресурстарды өндіру және

тасымалдау болып қалады. Еуропалық Одақ елдері бұл ресурстардың балама көздерін агрессивті түрде іздейді және бұл батыс пен Ресей Федерациясы арасындағы шиеленіс жағдайында қисынды болып көрінеді.

Бұдан басқа, Еуропалық Одақ елдері жаһандық сипатқа ие бола бастаған ланкестікке байланысты мәселелерді шешу үшін Орталық Азия елдерімен өзара іс-қимылды кеңейтуге мүдделі. Еуропалық сарапшылардың пікірінше, Орталық азия аймағы "радикализмнің экспорттаушысы" болып табылады. Бұл белгілі, бір дәрежеде, Орталық Азиядан келген Еуропаның бірқатар елдеріндегі жақында болған иммигранттар жасаған террористік шабуылдармен расталады.

XXI ғасырдың бірінші онжылдығының соңына дейін Еуропалық одақ Орталық Азия өңірінде біртұтас геосаяси актор ретінде орната алмады. КСРО ыдыраған кезде Еуропалық Одақ негізінен өзінің ішкі реформаларына назар аударды, бұл оған болашақта халықаралық қатынастардың тәуелсіз субъектісі болуға мүмкіндік берді. Шығыс Еуропа мен Балтық жағалауы елдерінің қосылуы есебінен Еуропалық Одақ кеңейінін кейінгі кезеңде еуропалықтардың назары тек осы процеске ғана аударылды.

Осының салдарынан Орталық Азия мемлекеттері ұзақ уақыт бойы Еуропалық Одақтың сыртқы саяси мүдделерінің шеткер аймақтарында болды. Түрлі стратегияларға, жоспарлар мен жобаларға қарамастан, Еуропалық Одақ Орталық Азия субөңірінде ірі сыртқы саяси ойыншы бола алмады. Орталық Азияда өзінің қатысуын сақтап қалу үшін Орталық Азия жергілікті шындыққа бейімделе отырып, өз мүдделерін алға жылжытуға тырысады.

Орталық Азиядағы еуропалық мүдделер аясында үш элемент бәсекелес болды:

1) Еуропалық Одақ құндылықтары үшін маңызды болып табылатын адам құқықтарын, азаматтық қоғамды және заңдылықты ілгерілету;

2) Түрікменстанды Оңтүстік газ дәлізімен байланыстыруға бағытталған энергетикалық мүдделер;

3) «Үлкен Орталық Азиядағы» қауіпсіздікті нығайту, алдымен НАТО-ның 2001 жылдан 2014 жылға дейінгі Ауғанстандағы әскери қатысуы, содан бері Ауғанстанның шекара бекеттерін жабдықтау мен оқытуды жалғастыру арқылы. Іс жүзінде бұл мақсаттар кейде бір-біріне қайшы келіп, Еуропалық Одақта ішкі қайшылықтарды шешуге қаражат жетіспейді (*Peypouse, 2017*).

Еуропалық Одақтың 2007 жылғы Орталық Азия Стратегиясының жүзеге асырылуы бойынша негізгі қорытындылары. Еуропалық Одақтың Орталық Азияға арналған стратегиясы 2007 жылғы мамырда қабылданғаны белгілі. Оның пайда болуынан бұрын 2002-2006 жылдарға есептелген Еуропалық Одақтың стратегия атты құжаты болған. Алайда, бұл құжат, сарапшылардың пікірінше, стратегия ретінде қарастырыла алмайды. Құжатта Орталық Азия өңіріне көмек көрсетудің жалпы қағидаттары, мақсаттары мен индикаторлары ғана айқындалды (*Казанцев, 2009*).

Еуропалық Одақтың 2007 жылғы Орталық Азия бойынша стратегиясына келетін болсақ, бұл Еуропалық Одақтың 12 жылға арналған өңіраралық ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын реттейтін басты бағдарламалық құжаты болды (*Council of the European Union, 2007*).

Еуропалық Одақ стратегиясында оның негізгі құндылықтары мен басымдықтарын айқындап, сондай-ақ Орталық Азия елдерінің өздерінің ұлттық даму стратегияларын ескерді.

Іске асырылып жатқан өңірлік бағдарламалар Орталық Азия өңірі мемлекеттерімен тәжірибе алмасуға және диалогқа, сондай-ақ кейбір трансшекаралық мәселелер бойынша көпжақты ынтымақтастықты дамытуға ықпал етті.

Стратегия жалпы сипаттағы өршіл құжат болып көрінді. Ол қандай да бір бағдарламаларды жүзеге асыру үшін нақты нұсқаулықтарды қамтыған жоқ.

Сондай-ақ, Стратегия Орталық Азия елдерінің Еуразиялық кеңістіктегі басқа мемлекеттермен байланысты саяси және экономикалық қатынастарын ескермегенін атап өткен жөн. Еуропалық Одақ Орталық Азияны оқшауланған

аймақ ретінде қарастырған сияқты. Іс жүзінде Еуропалық Одақ әртүрлі, соның ішінде жетекші сыртқы акторлардың интеграциялық жобалары аясында жүзеге асырылған бағдарламаларды ескерген жоқ.

Еуропалық Одақтың жалпы аймақтық бағдарламаларын іске асыру осы аймақтағы Еуропалық Одақтың негізгі серіктесі және күш-жігерінің үйлестірушісі бола алатын белгілі бір аймақтық ұйымның болмауымен қиындағанын көруге болады. Орталық Азия елдерінің де көп жағдайда екі жақты бағдарламаларға бет бұруы да белгілі бір жағымсыз жайт болды.

Бұған Еуропалық Одақ өңірдің әрбір мемлекеті үшін елдік басымдықтар деп аталатын белгілі бастамашылық ету фактісі де көп жағдайда ықпал еткен болуы мүмкін.

Жалпы Еуропалық Одақтың аймақтық және екіжақты бағдарламалары жеткілікті деңгейде үйлестірілмеген және бір-бірін толықтырмаған болатын. Әсіресе, бұл шағын және орта бизнесті дамыту саласындағы жобаларға қатысты болды.

Жоғары деңгейдегі және жеке бағдарламаларды іске асырудағы диалогтарға көбінесе Еуропалық Одақтың, сондай-ақ Орталық Азия елдері тарапынан аз көңіл бөлініп отырды. Аталған іс-шаралар барысында Еуропалық Одақ төраға ретінде өзінің рөлін толық пайдалана алмайтындай әсер қалды.

Жалпы аймақтық бағдарламалардың сәтті іске асуы Орталық Азия елдерінің ынтымақтастыққа дайындығы мен ашықтығына тәуелділігі айқын болды. Бұл ретте Қырғызстан, Тәжікстан және Қазақстан елдері ең ашық болып танылды.

2017 жылдың маусым айында Еуропалық Одақ Кеңесі жаңа стратегиялық құжат әзірлеуді ұсынды. Ол Еуропалық Одақ пен Орталық Азия арасындағы ынтымақтастыққа деген заманауи көзқарасты көрсетуі керек еді. Жаңа құжатта қазіргі геосаяси жағдайларды, сондай-ақ Орталық Азия мемлекеттері үшін ашылатын жаңа мүмкіндіктерді бекіту көзделді.

Бұл жағдайдағы маңызды факт – бұл жолы оған көптеген мүдделі тараптар – Орталық Азия мемлекеттерінің өздерінен бастап, бүкіл ғылыми орталықтардың өкілдері мен азаматтық қоғам белсенді қатысты.

Аталған процеске осы құжаттың жобасы бойынша өз ұсыныстарын білдірген қазақстандық талдаушылар да белсенді түрде қосылды.

Еуропалық құжат қазақстандық жас зерттеушілердің де назарын аударғаны есте қаларлық жайт. Алматы Менеджмент Университетінің 2018 жылғы түлектері де тұжырымдамалық құжатты дайындауға өз үлестерін қосты. Олар "Еуропалық Одақтың Орталық Азиядағы жаңа стратегиясы" дипломдық жобасын қорғап, өз ұсыныстарын Еуропалық Одақтың Орталық Азия бойынша арнайы өкілі П.Бурианға беріп, ол осы университет студенттерінің жұмысын оң бағалады (*Курмангужин, 2019*).

2019 жылда Орталық Азия бойынша Еуропалық Одақтың жаңа Стратегиясының іске қосылуы Еуропалық Одақ пен аймақ арасындағы қатынастардың біртіндеп дамуындағы маңызды кезең болды. Стратегияның іске қосылуы аймақтағы және оның айналасындағы айтарлықтай өзгерістерге сәйкес келді (*Cornell, Starr, 2019*).

Біріншіден, Орталық Азияның өзі өзгерді, аймақ мемлекеттері өзін-өзі қамтамасыз етіп, экономикалық жағынан дамыды. Дүниежүзілік банктің жіктемесіне сәйкес, екі ел - Қазақстан мен Түрікменстан - орташа табысы бар елдерге жатқызылып, Еуропалық Одағының екіжақты көмек бағдарламаларынан алынып тасталды. Өзбекстандағы биліктің ауысуы салдарынан аймақтық ынтымақтастық едәуір күшейіп, бұл Орталық Азия елдерінің өздеріне де, аймақтық емес ойыншыларға да жаңа мүмкіндіктер берді.

Екіншіден, аймақта оның жақын көршілері – Ресей мен Қытай әлдеқайда белсенді бола түсті. Еуразиялық экономикалық одақ құру және «Белдеу және жол» бастамасын ілгерілету Еуропалық Одақты аталған жобалар шеңберінде өзара әрекеттесудің жаңа үлгілерін іздеуге мәжбүр етеді.

Үшіншіден, Еуропалық Одақтағы жағдай (көші-қон дағдарысы, бірқатар мүше елдердегі ауыр экономикалық жағдай, Брексит) және оның шекарасындағы жағдай (Украинадағы жанжал, Ресеймен қарсыласу, АҚШ-тың жаңа әкімшілігімен «шиеленіскен қатынастары») Еуропалық Одақтан сыртқы саяси басымдықтарды қайта қарауды талап етеді. Сонымен қатар, салыстырмалы түрде тұрақты Орталық Азия Брюссель дипломатиясының сыртқы саяси бағытының өміршеңдігін көрсету үшін өте қолайлы серіктес ретінде қарастырылады.

Бірқатар сарапшылардың айтуынша, салыстырмалы түрде тұрақты Орталық Азияны Брюссельдің сыртқы саясатының өміршеңдігін көрсету үшін жеткілікті серіктес ретінде қарастыруға болады.

Еуропалық Одақтың жаңа Стратегиясының басты тәсілдері. 2019 жылғы 15 мамырда, екі жылдық жұмыстан кейін Еуропалық Комиссия мен Еуропалық Одақтың сыртқы істер және қауіпсіздік саясаты жөніндегі жоғары өкілі Еуропалық Одақтың сыртқы істер жөніндегі кеңесіне іс жүзінде Еуропалық Одақтың Орталық Азияға арналған жаңа стратегиясына айналған «Еуропалық Одақ және Орталық Азия: берік серіктестіктің жаңа мүмкіндіктері» атты бірлескен коммюникесін ұсынды. Бұл коммюнике 2019 жылғы 17 маусымда Еуропалық Одақ Кеңесінің тиісті қорытындылары қабылданғаннан кейін күшіне енді.

Коммюнике (*European Commission, 2019*), – бұл екі аймақ арасындағы өзара іс-қимылдың заманауи көрінісін бейнелейтін, сондай-ақ қазіргі геосаяси шындықты, Орталық Азия аймағы елдерінің өзгермелі қажеттіліктері мен жаңа мүмкіндіктерін ескеретін 16 беттік тұжырымдамалық құжат болып табылады.

2007 жылғы Стратегиядан айырмашылығы, Еуропалық Одақ өзінің жаңа бағдарламалық құжатында кез-келген нақты тақырыптық платформаларды құрудан әдейі бас тартты. Бұл жаңа құжатқа максималды икемділік беріп, өзінің өзектілігін ұзақ уақыт сақтауға деген ұмтылыспен байланысты.

Сонымен бірге, Еуропалық Одақтың 2019 жылғы стратегиясы негізгі идеялары – өзара байланыстығы, тұрақты, жан-жақты және ережелерге негізделген бастамалары өзгеріссіз қалған алдыңғы құжаттан әлдеқайда толығырақ қайта шығарылуы болып табылады.

Стратегияны әзірлеушілердің пікірінше, Орталық Азия елдері арасындағы қатынастар, сондай-ақ олардың Еуропалық Одақпен ынтымақтастық деңгейі соңғы жылдары сапалы жаңа деңгейге шықты. Еуропалық Одақ осы саяси құжатта Орталық Азия аймағының кейбір елдерінің экономикалық және саяси дамуының оң динамикасының арқасында пайда болған жаңа мүмкіндіктерді бекітуге тырысуы мүмкін.

Еуропалық Одақ түрлі ішкі және сыртқы сын-қатерлерді еңсеруге, сондай-ақ Орталық Азия мемлекеттерінің реформаларды табысты жүргізу қабілетін арттыруға бағытталған Тұрақтылық жолындағы серіктестікті жақтайды.

Еуропалық Одақ өңір елдерімен олардың элеуметтік-экономикалық дамуына, реформаларды ілгерілетуге әсер ететін мәселелерді шешуде ынтымақтасуға ниетті.

Еуропалық тарап демократияны, адам құқықтарын, заңның үстемдігін және гендерлік теңдікті алға жылжытуға тырысатыны белгілі болған.

Еуропалық Одақ пікірінше, ынтымақтастықтың маңызды векторы шекараны тиімді басқару, көші-қон мәселелері, есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес, зорлық-зомбылық экстремизмі мен ланкестікке қарсы күрес, киберқауіпсіздік, қарусыздану және жаппай қырып-жою қаруын таратпау, гибридті қауіптер және тағы басқаларды қамтитын қауіпсіздік болып табылады.

Сонымен қатар, Еуропалық Одақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастықты жандандыруға ниетті. Бұл су ресурстарын тиімді басқаруды, Жасыл экономика қағидаттарын іске асыруды, жаңартылатын энергия көздері технологияларын енгізуді, экотуризмді ілгерілетуді, дүлей зілзала тәуекелдерін басқаруды және т. б. болжайды.

Өркендеу жолындағы серіктестік, Еуропалық Одақ атап өткендей, Орталық

Азия елдерінің экономикаларын жаңғыртуға, сондай-ақ осы өңірдегі елдердің өздері мен көршілес мемлекеттермен тұрақты байланыстарды дамытуға көмек көрсетуге бағытталуы тиіс.

Орталық Азия мемлекеттерінің жас ұрпағына инвестиция салу жеке басымдық болып табылады.

Еуропалық Одақ бәсекеге қабілетті жеке секторды ілгерілетіп отырып, саламатты және ашық инвестициялық ахуал қалыптастыра отырып, Орталық Азияның әлеуетін ашуға ниетті. Еуропа Орталық Азия елдері арасындағы сауда мен инвестицияларды ұлғайтуға, сондай-ақ бизнес-қоғамдастықтар арасындағы тікелей диалогты көтермелеу арқылы Еуропалық Одақпен сауданы дамытуға ұмтылады. Бұдан басқа, Еуропалық Одақ ДСҰ-ға кірмейтін орталық Азия елдеріне осы ұйымға қосылуға көмек көрсетеді.

Еуропалық тарап Орталық Азия мен Еуропа мен Азия арасындағы тұрақты қарым-қатынастардың дамуына үлкен мән береді. Бұл саладағы ынтымақтастық ең алдымен көлік, энергетика және цифрлық коммуникацияларға, сондай-ақ жеке байланыстарға шоғырлануы тиіс.

Еуропалық Одақтың білім беру саласындағы жан-жақты аймақаралық ынтымақтастықты қолдауы маңызды болып табылады. Қазақстанның азаматтық қоғамының жас өкілдерінің бұрын айтылған ұсынысы Орталық Азия елдері үшін Еуропалық білім беру бағдарламаларының кеңеюіне байланысты болғанын атап өткен жөн.

Жалпы, Еуропалық Одақ Орталық Азия аймағының дамуы оның мүше мемлекеттерінің бәсекелестігінде емес, ынтымақтастығында негізделгеніне мүдделі. Еуропалық Одақтың пікірінше, аймақтық ынтымақтастық Орталық Азия елдеріне тәуелділікті жақсырақ басқаруға, осалдықтарды жоюға, жалпы проблемаларды шешуге, экономикалық өсу әлеуетін іске асыруға және нәтижесінде халықаралық аренада өз тәуелсіздігі мен өзіндік ерекшелікті сақтай отырып, өз позицияларын нығайтуға мүмкіндік беруі керек.

Сонымен бірге Еуропалық Одақ ең алдымен, Еуропамен қатынастарын жандандыруға дайын және қабілетті Орталық Азия мемлекеттерімен өзара

еректестікті тереңдетуге ұмтыла отырып, Орталық Азияның әр мемлекетінің ерекшеліктері мен мүдделерін ескеруге ниетті.

Осылайша, Еуропалық Одақтың жаңартылған стратегиясының басым бағыттарының көбі елеулі өзгерістерге ұшыраған жоқ. Стратегия жасау барысында еуропалық дипломатияның міндеті – Орталық Азиядағы саясатты толығымен қайта қарау емес, тек қатынастардың негізгі тұжырымдамасын сақтай отырып, оны қажетті элементтер мен құралдармен толықтыру болды.

Стратегиядағы айтарлықтай жаңалық – Еуропалық Одақтың Еуропа мен Орталық Азия арасындағы байланысты дамытуға баса назар аударуы. Орталық Азия елдері арқылы Еуропалық Одақ Шығыс және Оңтүстік Азия елдерімен байланыстарын жақсартуға тырысуда, бұл 2018 жылдың қыркүйегінде АСЕМ саммиті қарсаңында жарияланған тағы бір Брюссель стратегиясы – Еуропалық Одақтың Еуропа мен Азия арасындағы байланыстыру стратегиясының параметрлеріне сәйкес келеді, ол тұрақты транспорт құруға бағытталған маршруттар немесе кейбір сарапшылардың ойынша Еуропалық Одақ Қытайдың «Белдеу мен Жолына» жауабы.

Бұл жағдайда Еуропалық Одақтың Қытайдан айрықша ерекшелігі нарық қағидаттарын, ашықтық кепілдіктерін және халықаралық стандарттарды сақтау болуы керек.

Сонымен бірге, жаңа Стратегия бойынша жұмыспен қатар, еуропалық тарап Еуропалық Комиссияға өзінің бағдарламалық қызметін жоспарлауда үлкен икемділік беретін, сонымен қатар Қазақстан мен Түрікменстанда екіжақты даму бағдарламаларын іске асыру құқығын қайтаратын ынтымақтастықтың жаңа құралын әзірлеуде.

Бұл құрал Еуропалық Одақтың 7 жылдық бюджеті қабылданғаннан кейін ресми түрде іске қосылады және Еуропалық Одақ 2021-2027 бағдарламалық циклінің шеңберінде қолданылады деп күтілуде.

Еуропалық Одақ Стратегияны тиімді іске асыру үшін қолданыстағы барлық құралдарды (екіжақты және

аймақтық даму гранттық бағдарламалары, ЕИБ және ЕҚДБ-ның қарыз қаражатын ұсыну, аралас механизмдер және ғаламдық бағдарламалар) жұмылдыруға ниетті.

Өз кезегінде, қазақстандық тарап Орталық Азия мемлекеттерін, атап айтқанда Қазақстанды Еуропалық Одақтың жаңа циклына арналған бағдарламаларды әзірлеуге белсенді тарту мәселесі бойынша Еуропалық Комиссиямен жұмыс істей бастады. Мұның алғашқы сәтті мысалы – тұжырымдамасын қазақстандық тарап толығымен ұсынған Қазақстан мен Өзбекстанда ауған қыздарын оқыту бағдарламасы (бұған дейін Еуропалық Одақ бағдарламалардың тақырыптарын өз бетінше таңдап, дамудың белгілі бір кезеңінде ғана алушы елдермен кеңескен).

Сонымен қатар, Еуропалық Одақ Стратегиясының тұжырымдамалық сипатына қарамастан, қазақстандық тараптың кейбір нақты ұсыныстары да өз көрінісін тапты. Мысалы: Еуропалық Одақ - Орталық Азия - Ауғанстан форматындағы үшжақты жобаларды жүзеге асыру мүмкіндігі, министрлер конференциялары мен Еуропалық Одақ - Орталық Азия жоғары деңгейдегі диалогтары арасындағы «ad hoc» жұмыс кездесулерін өткізу және тиісті порталды құру арқылы Еуропалық Одақ - Орталық Азия ынтымақтастығын виртуалды институционалдау. Бұл идеяны Еуропалық Одақтың Орталық Азия бойынша арнайы өкілі П.Буриан белсенді қолдап, портал аймақаралық ынтымақтастықтың тұтастығын қамтамасыз етеді, оның қамтуын және көрнекі қабылдануын арттырады деген қазақстандық көзқараспен бөліседі.

Стратегияда Еуропалық Одақтың Орталық Азиямен іс жүзінде жұмыс істеуі туралы көзқарасы болмағанына қарамастан, Өзбекстанның аймаққа қатысты жаңа көзқарасы мен Қытайдың белсенді қатысуын ескере отырып, саясатында өзгеріс енгізу қажеттілігі атап өтіледі.

Көптеген сарапшылардың пікірінше, тұрақтылық пен өркендеу үшін әріптестік орнатудың Еуропалық Одақ - Орталық Азияның сындарлы ынтымақтастығына үлес қосатыны немесе Еуропалық

Одақтың аймақтағы донорлық мәртебесін сақтап қалатыны уақыттың еншісінде. Қалай болғанда да, орын алып жатқан геосаяси өзгерістер мен Еуропаның Орталық Азияға деген мүддесінің артуы аясында Брюссельдің аймаққа қатысты жаңа көзқарастары Еуропалық Одақтан инвестициялар тартуға және оның саяси қолдауын қамтамасыз етуге үлкен қызығушылық та-нытатын Орталық Азия елдеріне пайдасын тигізері сөзсіз (*Мұратбекова, 2019*).

Қорытынды. Осылайша, Еуропалық Одақ өзінің жаңа Стратегиясында Орталық Азия елдерімен және тұтастай алғанда аймақпен ынтымақтастықты жан-жақты дамытудың маңыздылығын тағы да қуаттады. Бұдан бөлек, Еуропалық Одақ өңіріміздің тұрақты дамуына үлес қосу ниетін растап, аймақаралық деңгейде өзара іс-қимылдың басым бағыттарын белгіледі.

Сонымен бірге, құжаттың жалпы сипаты Еуропалық Одаққа өз саясатын нақты даму бағдарламалары мен басқа бастамалар шеңберінде бейімдеуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыда Қазақстан Стратегияны іс жүзінде іске асыруға белсенді қатысуы қажет.

Бұл арада Еуропалық Одақтың өзі мен оның мүдделерін оған мүше мемлекеттердің саясаты мен мүдделерінен ажырата білу қажет. Брюссель өзінің мүше-мемлекеттеріне негізінен «жұмсақ» күшке сүйене отырып, Орталық Азиямен ынтымақтастықтың жалпы реңктерін белгілеп, оның аймақтағы мүдделерін ілгерілету үшін нақты нұсқаулар бере алмайды. Осы орайда Еуропалық Одақтың аймақтағы позициялары оған мүше мемлекеттердің өздеріне байланысты емес. Шын мәнінде, Еуропалық Одақ елдерінің экономикалық мүдделері (*негізінен Қазақстанда*) Орталық Азия аймағында Ресей мен Қытайдың болуына қарсы тепе-теңдік туғызады.

Егер ТМД-ның еуропалық бөлігі өзінің географиялық, мәдени және тарихи жағынан Еуропаның батысына жақын болса, Орталық Азия бірқатар тарихи себептер бойынша өзегінен жұлынып алынған, бірақ интеграция арқылы өзінің өркениеттік бастауына оралуға мүмкіндік беретін туыстық периферия ретінде

қарастырылуы мүмкін. Бұл Еуропалық Одақ сыртқы актор ретінде өзара әрекеттесе алатын және Орталық Азиядағы қауіп-қатерлерді бейтараптандыра алатын бөлек әлем (*Надточей, Сафранчук, 2018*).

Бұл жағдайда Еуропалық Одақ Орталық Азияның егеменді елдерінің істеріне тікелей араласпайтын «кеңесші» рөлін атқарады (*Spaiser, 2018*).

Сонымен қатар, Орталық Азия мен Еуропалық Одақ арасындағы қатынастар мәселесінде туындауы мүмкін негізгі мәселелерінің бірі - олардың ынтымақтастық туралы әр түрлі көзқарастары. Еуропалық Одақ негізінен аймақтық ынтымақтастықты дамытса, Орталық Азия елдерінің көпшілігі Еуропалық Одақтан қаржылық көмек алуды жалғастырады деп үміттеніп, екіжақты дамуға көбірек көңіл бөлуде. Осы орайда тараптар үшін осы мәселеде ымыраға келу маңызды.

Қазіргі уақытта Орталық Азия саясатындағы Еуропалық Одақ тәсілдерінің түбегейлі өзгеруі байқалады. Егер өткен жылдары Еуропалық Одақ - Орталық Азия серіктестігі стратегиясы саяси реформалар, үкіметтік емес ұйымдар және адам құқықтары саласындағы жобалардың маңызды компонентін қабылдаса, болашақта экономикалық жобаларды іске асыруға басымдық беріледі. Еуропалық Одақ

өзінің күн тәртібін, оның басымдықтары мен жобаларын таңдамай, Еуропалық Одақ бағдарламалары мен стратегиялық даму мақсаттары үйлескен кезде жаңа тәсілді ұсынады (*Лаумулин, 2020*).

Бұл себептен олардың өзара тиімді қарым-қатынастарын дамыта алатын мүмкіндіктерін түсініп, білу маңызды. Бұған аймақ елдерінің Еуропалық Одақты дамытудағы ынтымақтастықтың негізгі басымдықтары, формалары мен форматтарын ескеруге тырысатын Еуропалық Одақтың Орталық Азия бойынша жаңа стратегиясы ықпал етуі керек.

Тұтастай алғанда, егер 2007 жылғы Еуропалық Одақтың бірінші стратегиясында Орталық Азия аймағы ресурстық база ретінде қарастырылған болса, жаңа құжат негізінен тең серіктестік рухында құрылған. Ол Еуропалық Одақтың аймақ елдерімен халықаралық аренадағы тең құқылы субъектілер ретінде өзара тиімді негізде әрекеттесуге ұмтылысын білдіреді.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, Қазақстан стратегия аясында Брюссельмен де, еуропалық мемлекеттермен де екіжақты негізде ұзақ мерзімді өзара тиімді қатынастарды одан әрі құру, теңгерімді сыртқы саясатты жүргізу және қолайлы жағдайлар жасау үшін белсенді өзара әрекеттесуді жалғастыруы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Cornell, S.E., Starr S.F. (2019), *A Steady Hand: The EU 2019 Strategy and Policy Toward Central Asia*, Central Asia-Caucasus Institute and Silk Road Studies Program.
- Council of the European Union, (2007), *The EU and Central Asia: Strategy for a New Partnership*, Brussels, 10113/07 / https://eeas.europa.eu/sites/eeas/files/st_10113_2007_init_en.pdf.
- European Commission (2019), *Joint Communication to the European Parliament and the Council. The EU and Central Asia: New Opportunities for a Stronger Partnership*, Brussels, https://eeas.europa.eu/sites/eeas/files/joint_communication_-_the_eu_and_central_asia_-_new_opportunities_for_a_stronger_partnership.pdf.
- Peyrouse, S. (2017), *A Donor without Influence. The European Union in Central Asia*. Ponars Eurasia, Policy Memo No. 478.
- Spaiser, O.A. (2018), *The European Union's Influence in Central Asia. Geopolitical Challenges and Responses*. New York : Lexington.
- Казанцев, А. (2009) *Политика стран Запада в Центральной Азии: проекты, дилеммы, противоречия*. М.:МГИМО-Университет, 186 С.
- Курмангужин Р.С. (2019), *AlmaU новая Стратегия Евросоюза в Центральной Азии*, <https://spp.almatau.edu.kz/148>. (in Russian).
- Лаумулин, М. (2020), *Центральная Азия в эпоху трансформации*. Нур-Султан: КИСИ при Президенте РК, 464 с.
- Мұратбекова, А. (2019), *Орталық Азиядағы ЕО: жаңа стратегия, ескі идеялар*, Weekly e-bulletin, 212, http://elibrary.kaznu.kz/wp-content/uploads/2020/05/aptalyk_e-byulleten_20.05.2019-26.05.2019_no_212.pdf.
- Надточей, Ю. И., Сафранчук, И. А. (2018), *Европейский союз в Центральной Азии: границы нормативной силы. Рецензия на книгу О.А.Спайсер «Влияние Европейского союза в Центральной Азии*.

Геополитические вызовы и ответы». *Вестник Международных организаций*. Т. 13. N 4. 280-286. DOI: 10.17323/1996-7845-2018-04-14.

REFERENCES

- Cornell, S.E., Starr S.F. (2019), *A Steady Hand: The EU 2019 Strategy and Policy Toward Central Asia*, Central Asia-Caucasus Institute and Silk Road Studies Program.
- Council of the European Union, (2007), *The EU and Central Asia: Strategy for a New Partnership*, Brussels, 10113/07 / https://eeas.europa.eu/sites/eeas/files/st_10113_2007_init_en.pdf.
- European Commission (2019), *Joint Communication to the European Parliament and the Council. The EU and Central Asia: New Opportunities for a Stronger Partnership*, Brussels, https://eeas.europa.eu/sites/eeas/files/joint_communication_-_the_eu_and_central_asia_-_new_opportunities_for_a_stronger_partnership.pdf.
- Peyrouse, S. (2017), *A Donor without Influence. The European Union in Central Asia*. Ponars Eurasia, Policy Memo No. 478.
- Spaiser, O.A. (2018), *The European Union's Influence in Central Asia. Geopolitical Challenges and Responses*. New York : Lexington.
- Kazantsev, A. (2009) Politika stran Zapada v Tsentralnoi Azii: klyuchevie harakteristiki, dilemy I protivorechiya [Western States' policy in Central Asia: Key characteristics, dilemmas and contradictions] // Moscow, 138 p. (in Russian).
- Kurmanguzhin R.S. (2019), AlmaU i novaya Strategiya Evrosoyuz v Tsentralnoi Azii [AlmaU and the new EU Strategy in Central Asia], <https://spp.almu.edu.kz/148>. (in Russian).
- Laumulin, M. (2020), Tsentralnaya Aziya v epokhu transformatsii [Central Asia in the era of transformation]. Nur-Sultan: KISI pri Prezidente RK, 464 p. (in Russian)
- Muratbekova A. (2019) Ortalyq Aziadagy EO: Jana Strategiya, eski ideyalar [EU in Central Asia: New Strategy, Old Ideas]. Weekly E-bulletin No 212. http://elibrary.kaznu.kz/wp-content/uploads/2020/05/aptalyk_e-byulleten_20.05.2019-26.05.2019_no_212.pdf. (in Kazakh).
- Nadtochey Y., Safranchuk I. (2018) Yevropeyskiy soyuz v Tsentralnoy Azii: granitsy normativnoy sily. (Retsenziya na knigu O.A. Spayser «Vliyaniye Yevropeyskogo soobshchestva v Tsentral'noy Azii») [European Union in Central Asia: limits of normative power]. *Vestnik mezhdunarodnykh organizatsiy* [Bulletin of international organizations]. Т. 13, No 4, 280-286 p, doi: 10.17323/1996-7845-2018-04-14 (in Russian).

EUROPEAN UNION AND CENTRAL ASIA: NEW TRENDS OF COOPERATION IN CURRENT CIRCUMSTANCES

Assima AUBAKIR, Phd candidate, Academy of the Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, Institute of Diplomacy, Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan, kazcan10@gmail.com

Tuleutay SULEIMENOV, Doctor of Political Science, professor, Academy of the Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, Institute of Diplomacy, Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan, Tuleutai.Suleimenov@apa.kz

ЕВРОПЕЙСКИЙ СОЮЗ – ЦЕНТРАЛЬНАЯ АЗИЯ: НОВЫЕ ТРЕНДЫ СОТРУДНИЧЕСТВА В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ

Асима АУБАКИР, докторант Института Дипломатии Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан, г. Нур-Султан, Республика Казахстан, kazcan10@gmail.com

Толеутай СУЛЕЙМЕНОВ, доктор политических наук, профессор Института Дипломатии Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан, г. Нур-Султан, Республика Казахстан, Tuleutai.Suleimenov@apa.kz